

№ 2-дәріс. Кеңестік кезеңде мұрағаттардың қалыптасуы

Дәріс сабағының мақсаты: Кеңестік кезеңде мұрағаттардың қалыптасуына әсер еткен алғышарттарды айқындау және олардың болашақта Қазақстанда мұрағат қорының қалыптасуына әсеріне баға беру.

Кілт сөздер: Бөкей Ордасы, Азамат соғысы, Қазақстан Орталық мемлекеттік мұрағаты, Халық Комиссарлар Кеңесі, Басмұрағат, Қазан революциясының Орталық мұрағаты, ҚазАКСР Қазан революциясы Орталық мұрағаты.

Дәріс жоспары:

- 1. Қазан төңкерісіне дейінгі кезеңге қатысты құжаттар қорларына шолу.*
- 2. Қазан төңкерісінен кейінгі кездегі архивтердің жағдайы*
- 3. Архив ісі саласындағы өзгерістер және оған әсер еткен себептерге талдау жасау.*

Қазақстанда дербес мұрағаттың пайда болуы патшалық Ресей тұсындағы Бөкей Ордасымен тікелей байланысты. Бұл жерде құрылған мұрағат тарихы XVIII ғасырдың 90-жылдарынан басталады. Негізін салған Бөкей хан. Алғашқыда мұрағат хандардың жанында болса, кейіннен 1845 жылы Жәңгір хан өлген соң орданы басқарған уақытша кеңестің қарамағына өтті, 1870 жылдарға дейін мұрағат құжаттары бірнеше рет реттелініп, құнды қағаздары сараланып алынды. 1918-1920 жылдардағы Азамат соғысы кезінде мұрағат құжаттары талан-таражға түскен. 1927 жылы сақталған қоры Алматыға көшіріліп, қазіргі Қазақстан Орталық мемлекеттік мұрағатының қарамағына өткен.

Жалпы алғанда, Азамат соғысының бастапқы кезінде-ақ кеңес үкіметі мұрағаттарға ерекше мән берді. Ондағы құжаттарды идеологиялық мақсаттарға пайдаланып, керекті деген патшалық мекемелер құжаттарын жариялап, бұрынғы үкіметтің ішкі-сыртқы саясатын әшкереледі. Маңызды тарихи және ведомстволық мұрағаттарға кеңес үкіметі өз комиссарларын тағайындап, жергілікті мұрағаттарды сақтау ісін ұйымдастыру, үшін 1918 жылы 2-сәуірде Петроград қаласында Мұрағаттарды басқарудың Орталық комитетін құрды.

1918 жылы 27-28 мамыр күндері Халық ағарту комиссарының орынбасары М.Н.Покровский басқарған жиында Мұрағаттардың орталық басқармасы туралы жоба талқыланып, оған қатысушылардың ұсыныстары үкіметке тапсырылды 1918 жылы 1-маусымда Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағасы В.И.Ленин қол қойған «О реорганизации и

централизации архивного дела» атты декрет жарияланды. Бұл декрет кеңестік мұрағат ісін түбегейлі өзгерістерге ұшыратты. Ендігі жерде мемлекеттік мұрағат қорлары Мұрағат ісі Бас Басқармасының (Главное управление архивным делом /ГлавархивБасмұрағат) жетекшілігіне берілді, ал ол өз кезегінде РСФСР Халық ағарту комиссариатының құрамына өтті. Дегенмен Басмұрағат дербес орталық мекеме статусын иемдене алмады. Алайда, сонда да болса мұрағат ісінің дамуында алға ілгерілеушілік байқалған еді. Декретте ведомстволық мекемелер ретінде үкіметтік мекемелер мұрағаттары жойылады да, оларда сақтаулы тұрған істер мен құжаттар Біртұтас мемлекеттік мұрағат қорын (Единый государственный архивный фонд) құратындығы анық көрсетілді. Оны жоғарыда аталған Басмұрағат басқарды. 1919 жылы Ташкентке келген РСФСР Бас мұрағатының өкілі Орта Азияда мұрағаттардың жоқ екендігі жайлы Бүкілресейлік Орталық Атқару Комитетінің Комиссиясына мәлімдеді. 1920 жылы 21 қаңтарда Түркістан АССР үшін Мұрағат ісінің Орталық басқармасын (Цулардел) құру туралы бұйрық шығады. 1920 жылы мамыр айында осыған ұқсас Түркістан Орталық Атқару Комитетінің декреті жарияланады. Бұл декрет бойынша Жетісу және Сырдария облыстары Мұрағат ісінің Орталық басқармасының (Цулардел) қызмет аясына берілді. Ақмола мен Семей облыстарында бұл кезде 1920 жылы Омбыда құрылған Сібір ревкомына карасты мұрағат басқармасы, ал Орал, Торғай, Закаспий, Астрахань, Орынбор секілді бірқатар ірі-ірі облыстарда РСФСР облыстық және губерниялық мұрағат мекемелері жұмыс істеп жатты. Айта кететін бір тағы бір жайт, жиырмасыншы ғасырдың жиырмасыншы жылдарының бас кезінде шыққан бірқатар қаулылар, шешімдер және декреттер Қазақстанда мұрағат ісінің қалыптасып, дамуына өз септігін тигізді. Мұрағат материалдарына кейде белді мамандар тарапынан да жойылып кету қауіп төнді. Айталық, белгілі тарихшы О. Қоңыратбаевтың мәліметіне қарағанда, РСФСР Басмұрағат меңгерушісі М. Покровский №4165 нұсқауында нотариальдық мұрағаттарды жою туралы тапсырма берілген (1922 жыл 14 қарашада), бұл хатпен танысқан сон Түркістан Республикасы Халық комиссарлар Кеңесінің төрағасы Т.Рысқұлов пен республиканың Мұрағат ісі бойынша Орталық басқармасының меңгерушісі Нечкин нотариальдық мұрағаттарды жоюға қарсылық білдірген. Олар бұған кең түрде түсінік бере отырып, мұрағаттағы құнды дереккөздерінің қажеттілігін нақты көрсетті, дәлелді пікірлерін келтірді. Сонымен қатар нотариальдық мұрағаттарды реттеу және жұмысын жандандыру үшін алтын ақшамен 15 мың сом бөлу қажет екендігін де айтты. 1923 жылы 30 шілдеде РСФСР мұрағат басшылығы бұл хатпен таныса келе, Т.Рысқұлов басқарып отырған Түркістан Республикасы Халық Комиссарлар Кеңесінің талабын мойындап, нотариальдық мұрағаттарды жою туралы өз шешімінің тоқтатылатындығын мәлімдейді. Нәтижесінде, Т. Рысқұлов басқарған мұрағат қызметкерлерінің

тобы орасан зор құнды ақпараттардан тұратын деректік қорды сақтап қала алды.

Сөйтіп, бірқатар мемлекеттік деңгейдегі іс-шаралар арқылы өткен ғасырдың 20-жылдары бас кезінде Қазақстанда көптеген мұрағат мекемелері бұрынғы патша уақытындағы мұрағаттар қорының негізінде қалыптаса бастайды. Мұрағат ғимараттарына орындар бөлінді. Қызметкерлер штаттары белгіленді. 1920-1940 жылдары Қазақстанда бірқатар мұрағаттар ашылды әрі бұл кезең мұрағат ісінің қалыптасу тарихындағы маңызды бір белес болды. Кеңестік замандағы қызметіне, іс-әрекетіне әрбір мекеме есеп беріп отырғандықтан республикадағы мұрағаттардың көпшілігіндегі құжаттар хронологиясы 1918 жылдан басталатындығын айта кеткен жөн. Негізінен алғанда, бірқатар мамандардың (В.В. Максаков, В.Введенский, Б.Р. Рамазанов, М.О. Жанғалин, М. Хасанаев, Р.Сариева, А. Абдулина, т.б.) ізденістерінде Қазақстандағы мұрағат ісін ұйымдастыру тарихы жан-жақты баяндалынған. Олардың көпшілігі мұрағат ісіне қатысты түрлі заңнамалық актілерді, декреттерді, шешімдер мен қарарларды, іске асырылған сан алуан ісшараларды толымды түрде сипаттап шыққан. Аталған авторларға сілтеме бере отырып, біз бұл шағын оқу құралында тек бірқатар мұрағаттардың қалыптасу тарихына ғана тоқталдық.

Қазақстанда алғашқылардың бірі болып 1920 жылы губерниялық мұрағат ретінде Шығыс Қазақстан облыстық мемлекеттік мұрағаты құрылған болатын. Ол 1928 жылдан округтік мұрағат болса, 1931 жылдан Қазақ АССР Қазан революциясы Орталық мұрағатының Семей бөлімшесі құрамына кірді. 1932 жылдан - Шығыс Қазақстан облыстық мемлекеттік мұрағаты: 1939 жылдан Семей облыстық мемлекеттік мұрағаты. 1992 жылдан ҚР-нің Семей облыстық мемлекеттік мұрағаты. 1997 жылдан Шығыс Қазақстан облыстық мемлекеттік мұрағаты болып аталынады. Мұрағаттың 5 бөлімшесі, 15 қалалық-аудандық мұрағаттары бар. Іргелі бөлімшелерінің бірі Зырян бөлімшесі (1963) 1976-1980 жылдар аралығындағы жұмыс қорытындысы бойынша бұрынғы КСРО бойынша 1-ші орынды иемденген. Бөлімше ұжымы КСРО-да бірінше рет жеке адамдар құрамы құжаттарының анықтамасын жасады, Қазақстанда алғашқы болып жеке адамдар құжаттарының шаруашылық есептері мұрағатын ұйымдастырды.

Бұл мұрағаттағы ең көне құжаттарда Өскемен қаласы іргесінің қалануы (1720 жыл) жайлы да аздап мағлұматтар кездеседі. Мұрағаттағы материалдар ХІХ ғасырдағы губерния, уездердің тарихын, табиғи байлықтарын, түрлі экономикалық сипаттамаларын құрайды. Дегенмен негізгі құжаттардың хронологиясы 1917 жылдан басталып, қазіргі кезеңге дейінгі аралықты қамтиды. Мемлекеттік сақталымдағы тұрақты істер саны 2 млн. 143 мыңнан асады. Онда Азамат соғысы кезіндегі, халық шаруашылығын құру уақытындағы іс-шаралар тарихын, тау-кен,

металлургия, машина жасау өнеркәсібінің қалыптасуын және дамуын, т.б. мәселелерін сипаттайтын құжаттар мол. Бұқтырма, Өскемен СЭС-ң салынуын, Түркісіб темір жол құрылысын, ауыл шаруашылық ұжымдарының (кеңшар, ұжымшар, аграрлық мекемелер, т.б.) дамуын, түрлі зауыт- фабрикалар мен комбинаттардың (Белгород тау-кен ісі, Ертіс полиметалл, Өскемен қорғасын-мырыш, Зырян, Лениногор, т.б.) экономикасын, жұмыс қарқынын көрсететін материалдар да жеткілікті. Мәдени-ағарту ісінің деңгейі, мектептер мен кітап-ханалар жүйесінің, оқу орындарының даму трлі халық ағарту мекемелерінің қорларында топтастырылған. Ғалымдар, алаш қозға-лысына қатысушылар, қоғамдық және мемлекеттік қайраткерлер, Кеңес Одағының батырлары, Социалистік Еңбек Ерлері, басқа да атақты адамдар жайлы мәліметтер жеке адамдардың қорларында сақтаулы. Мұрағат ұжымы «Кенді Алтай» атты құжаттар жинағын, т.б. ақпараттар қорын жарыққа шығарған. «Шығыс Қазақстан тарихы», «Шығыс Қазақстан Ұлы Отан соғысы жылдарында», т.б. ірі-ірі тақырыптық топтамалардың ғылыми құндылығы жоғары.

1921 жылы 1-қыркүйекте Қырғыз (Қазақ) АССР-н Орталық өлкелік мұрағаты ретінде Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрағаты құрылады. Қазіргі таңда ол республикадағы ең ірі мұрағат болып табылады. Оның өзіндік қалыптасу және даму тарихы бар. 1925 жылы Орынбордан Қызылордаға, 1929 жылы Қызылордадан Алматыға көшірілген.. Бастапқы кезде, (1925жылдан)Қазақ АССР Орталық мұрағаты болып аталды. 1931 жылы оның негізінде екі мұрағат бөлінген: Қазан революциясының Орталық мұрағаты (1941 жылы Қазан революциясы мен социалистік құрлыстың Орталық мемлекеттік мұрағаты болып атауы өзгерген) мен Казак АССР-ң Орталық мемлекеттік тарихи мұрағаты. 1957 жылы бұл екі мұрағат пен 1943 жылы құрылған Кинобейнедыбыс құжаттары Орталық мемлекеттік мұрағаты Қазақ КСР Орталық мемлекеттік мұрағаты болып бірігеді. 1974 жылы ақпан айында ҚРОММ-нен Қазақстан Республикасы ғылыми-техникалық құжаттамаларының орталық мемлекеттік мұрағаты мен Қазақстан республикасының орталық мемлекеттік кинобейнедыбыс жазбалары мұрағаты бөлініп шыққан. 1992 жылдан бері Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрағаты (ҚРОММ) деп аталынады. Оның қорлары - 1,5 миллиондай мұрағат істері – XVIII ғасырдың 30-жылдарынан бастап нақты дереккөзі болып табылады. Мұрағат қорларының өзіндік ерекшеліктерінің бірі – тарихи құжаттардың көптілділігі. Онда казак, ұйғыр, өзбек, кырғыз, татар тілдеріндегі материалдарды есептемегеннің өзінде шағатай, араб, кытай, моңғол, манчжур, ағылшын, т.б. тілдеріндегі құжат мәтіндері көптеп кездеседі. Мұндағы құжаттардың ақпараттары қазақ халқының мемлекеттік және әлеуметтік-экономикалық құрылымы тарихы, мәдениеті мен тұрмысы бойынша баға жетпес дереккөздері деуге болады.

Мұрағатта 1917 жылға дейінгі 200 мыңнан астам іс қағаздары бар. Оларда қазақ елінің XVIII ғасырдың бірінші жартысынан бастап Қытай, Ресей, Бұхара, Хиуа, т.б. мемлекеттермен дипломатиялық қарым-қатынасын, ұлт-азаттық көтерілістер тарихын, патша әкімшілігіне бағынған түрлі мекемелердің (облыстық, уездік басқармалар, сот-полиция мекемелері, мәдени-ағарту орындары, т.б.) құжаттары бар. Шекаралық басқарма мен комиссия, Дала генерал-губернаторы канцеляриясы, Жетісу, Семей, Ақмола, Торғай мен Сырдария облыстары басқармасындағы көш-қон басқармаларының қорларындағы мәліметтер Қазақстанның саяси, экономикалық және мәдени өмірін сипаттайды. Сақталған құжаттар Қазақстан тарихының түрлі мазмұнды материалдарынан тұрады. Қазақстандағы орыс-қазақ мектептерінің, мұсылман медреселерінің ашылуы туралы және тау-кен өндірісінің дамуы, пайдалы қазба кен орындарын зерттеу ісі, қайта қоныстану саясаты, тұрғындар жөніндегі түрлі статистикалық мәліметтер, т.б. ақпараттар легінен еліміздің мәдени-ғылыми жайттарын көруге болады. Құжаттардан республика аумағындағы ірі кен орындары және оларды игеруге тұрғызылған Шымкент, Риддер, Спасск, Успенск зауыттарының құрылысы мен өндірістік қызметтері де көрініс табады. 1917 жылдан кейінгі материалдардың бірі шоғыры кеңес үкіметінің құрылуын сипаттайды. Мемлекеттік құрылысты әскериреволюциялық комитеттің, Халық Комиссарлар Кеңесінің, Орталық атқару комитетінің қорлары толыққанды сипаттайды. XX ғасырдың 20-30 жылдардағы материалдарда халық шаруашылығының қалыптасуы, индустрияландыру мен ұжымдастыру, өнеркәсіптің дамуы, түсті металлургия, табиғи байлықтарды игеру, түрлі өнеркәсіп салалары жайлы материалдар да жеткілікті. Мұрағатта 1920-1957 жылдар аралығында барлық мемлекеттік мекемелердің құжаттық материалдары сақтаулы. Мұрағат қорларынан социалистік құрылысты жанжақты баяндайтын көптеген материалдар табуға болады. Кеңестік замандағы сан алуан мекемелердің қарарлары, шешімдері, бұйрықтары, берілген есептер, өзге де көрсеткіштері, одақтық деңгейдегі құрылыстары Қазақстандағы мәдениэкономикалық дамуды сипаттайды.

1959 жылдан бастап мұрағат әдебиет пен өнер қайраткерлерінің құжаттық материалдарын жинастыра бастады. 1963 жылы әдебиет пен өнердің белгілі қайраткерлерінің қоры шоғырланған жеке бөлім ашылды. Жеке мұрағаттар мен жеке тұлғалардың (Социалистік Еңбек Ерлері, ғалымдар, соғыс ардагерлері, Кеңес Одағының Батырлары, мемлекет және қоғам қайраткерлері, әдебиет пен мәдениет өкілдері, т.б.) мемлекеттік сақтауға өткізілген құжаттары да аса құнды тарихи-мәдени мұралар болып саналады Оның қоры жыл сайын ұлғаюда. Қазіргі таңда мұрағатта 80 мыңнан астам мұрағат істерінен тұратын 300-ден асатын жеке мұрағат қоры мен, топтама қорлар сақтаулы тұр.

Мұрағаттың ғылыми-анықтамалық кітапханасында 40 мыңдай әдебиеттер, газет-журнал тігінділері, т.б. материалдар сақталған. Бұл мұрағатта жұмыс істеп жатқан қызметкерлер құжаттардың сақталуын қамтамасыз етіп қана қоймай, дереккөздерін де ғылыми тұрғыдан жариялап отырады. Айталық, Бөкей Ордасының құжаттары, т.б. материалдар жарыққа шықты. Дәлірек айтқанда, мұрағат қызметкерлері соңғы бірнеше жылдар көлемінде 100-ден аса деректі материалдар жинақтарын («XVI-XIX ғасырлардағы қазақ-орыс қатынастары», «Қазақстандағы мәдени құрылыс», «Абай және мұрағат», «Исатай-Махамбет», т.б.) басып шығарды. Жыл сайын уақытылы мұрағат ісінің күрделі проблемаларына арналған «Бюлетені» (1987 жылдан бастап) шығады.

1921 жылы Алматы облыстық мемлекеттік мұрағаты Жетісу облыстық мұрағат ретінде ұйымдастырылған. Алғашында Жетісу облыстық мұрағаты, 1924 жылы Жетісу губерниялық мұрағаты, 1928 жылдан Алматы округтік мұрағаты, 1929-1933 жылдары ҚазАКСР Орталық мұрағаты құрамында болған. 1934 жылдан Алматы облыстық мемлекеттік мұрағаты болып аталды. 1992 жылдан ҚР Алматы Облыстық мемлекеттік мұрағаты деп аталынады. Қазіргі таңда мұрағаттың Қапшағайда, Ұзынағашта, Талдықорғанда, Жансүгіровте бөлімшелері, 11 аудандық, қалалық бөлімдері бар. 1981 жылы оның құрамынан Алматы қаласының мемлекеттік мұрағаты бөлініп шықты.

Мұрағаттағы негізгі құжаттардың хронологиясы 1917 жылдан басталады. Онда Алматы облысына қарасты мекемелер, ұйымдар мен кәсіпорындар, 1924 жылға дейінгі Қырғыз Республикасына, бұрынғы Талдықорған облысы тарихына байланысты құжаттар топтастырылған. Мұрағатта Азамат соғысына, жер-су реформасына, межелеуге, ұжымдастыруға және оған қарсылық білдірген толқуларға, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығын қайта құруға, екінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі тылдағы іс-шараларға, инфра-құрылымдарды қалыптастыру мен дамытуға, көлік қатынастарын реттеуге, мәдени-ағарту және денсаулық сақтауға, түрлі құрылыстар салуға байланысты көптеген іс қағаздары бар. Жеке тұлғалар қорлары, мол фотоқұжаттар да бар.

Солтүстік Қазақстан облыстық мемлекеттік мұрағаты 1923 жылы ұйымдастырылған. Алғашқыда Петропавлда Ақмола губерниялық мұрағаты құрылады да, ол 1928 жылы Петропавл округтік мұрағаты болып қайтадан жабдықталынады. 1931 жылы ҚазАКСР Қазан революциясы Орталық мұрағатының Петропавл бөлімшесіне кіреді. 1932-1936 жылдары Қарағанды облыстық мемлекеттік мұрағаты деп аталды. 1936 жылдан Солтүстік Қазақ- стан облыстық мемлекеттік мұрағаты. 1992 жылдан ҚР Солтүстік Қазақстан облыстық мемлекеттік мұрағаты болып аталып келеді.

Мұрағатта кеңестік кезеңдегі атқарушы билік орындарының, ірі өнеркәсіптердің, ұжымшарлар мен кеңшарлар шаруашылығының, ағарту мекемелерінің, денсаулық сақтау орындарының, облыстық мәдениет

ошақтарының тарихына қатысты құжаттар сақтаулы. Кейбір құжаттар XX ғасыр бас кезіндегі мәдени-шаруашылық жайттардан хабар бергенімен, басым көпшілігі кеңестік замандағы түрлі іс қағаздарынан тұрады. Мұрағат қорларында сан алуан статистикалық мағлұматтар, есептер, жобалар мен жоспарлар, бесжылдықтар, облыс аумағындағы егіншілікке қатысты жайттар кеңінен баяндалынады. Жеке тұлғалар қорынан белгілі өнер қайраткерлері, ақын-жазушылар, ғалымдар, т.б. жайлы мәліметтер алуға болады.

Ақмола облыстық мемлекеттік мұрағаты 1924 жылы қазан айында Ақмола уездік мұрағаты ретінде құрылып, 1928 жылы округтік мұрағат, 1931 жылы ҚазАССР Қазан революциясы Орталық мұрағатының Петропавл бөлімшесіне енді. 1932 жылы Ақмола аудандық мемлекеттік мұрағаты болып құрылады да, 1939 жылдан Ақмола облыстық мемлекеттік мұрағаты болып аталды. 1961 жылдан Тың өлкесінің мемлекеттік мұрағаты, 1965 жылдан Целиноград облысының Мемлекеттік мұрағаты деп аталынды. 1992-1997 жылдары ҚР Целиноград облысының мемлекеттік мұрағаты, кейіннен қазіргі атауымен белгілі. Бұрынғы Көкшетау облыстық мұрағаты (1944 жылы негізі қаланған) аталмыш арнаулы мекеменің ірі филиалдарының бірі болып табылады. Сақталып тұрған құжат саны 330 мыңға жуық.

Мұрағатта 1917 жылдан бергі уақыттағы облыстық, уездік, аудандық, болыстық революциялық комитеттер мен Кеңестердің атқару комитеттерінің қызметін айғақтайтын құжаттар кешені жинақталған. Сонымен қатар облыс аумағындағы түрлі кәсіпорындар мен шаруашылық бірлестіктерінің, мәдениағарту мекемелерінің, денсаулық сақтау ұйымдарының, т.б. нысандардың қызметін нақты көрсететін құжаттар шоғырланған. Әсіресе тың және тыңайған жерлерді игеруге байланысты облыс аумағында жүргізілген шаруашылық ішараларының материалдары мол. Сонымен қатар қорларда өлкенің кеңестік кезеңде даму тарихын, түрлі инфрақұрылымдар құрылысын айғақтайтын материалдар сақталған. Жеке тұлғалардың құжаттары да мұрағатта сақталып келеді.

Ақтөбе облыстық мемлекеттік мұрағаты алғашқыда губерниялық мұрағат ретінде ұйымдастырылған (1923 жылы 15 қыркүйекте), ал 1928 жылы округтік мұрағат болып жабдықталған. 1931 жылы қысқартылып, материалдары ҚазАКСР Қазан революциясы Орталық мұрағатына өткізілген. 1932 жылы аудандық мұрағат және оның аумағына тиесілі қайтарылған құжаттар негізінде Ақтөбе облыстық мемлекеттік мұрағаты құрылады. 1935- 1938 жылдар аралығында аудан орталықтарында аудандық мемлекеттік мұрағаттар құрылады. 1963 жылы Шалқар филиалы, 1966 жылы Ново-Алексеевка филиалдары ұйымдастырылады. 1992 жылдан ҚР Ақтөбе облыстық

мемлекеттік мұрағаты болып аталады. Шалқар мен Қобдада бөлімшелері, 9 аудандық мұрағаты бар. Сақтаулы тұрған 1515 қоры, 661453 ісі бар.

Ақтөбе облысының мемлекеттік мұрағат қорында әр кезеңдегі облыс тарихына қатысты құжаттар сақталуда. Ол мұрағат пен оның филиалдарындағы қызметкерлер құрастырған жол көрсеткіштерден (I-бөлім, 1991 ж., II-бөлім, 2005 ж.) нақты көрініс тапқан. Алғашқы құжаттарының хронологиялық мерзімі Азамат соғысы жылдарынан басталады. Атап айтқанда, 1917-1918 жылдардағы Кеңес үкіметін орнатуда Ақтөбе уезі атқару комитеті, губерниялық, округтік, облыстық мекемелердің хаттамалары, түрлі ұжымдар, артельдер мен серіктестіктердің құрылуы баяндалынатын істерді көптеп табуға болады. Мұрағатта сонымен қатар өңірдегі ұжымдық шаруашылықтар, қазақ байларын тәркілеу, түрлі өнеркәсіптердің салынуы, құрылыс ісінің дамуы, халық ағарту, денсаулық сақтау мекемелерінің құжаттары сақталған. Мұрағаттағы қорлардан облыстағы мәдени-экономикалық дамуды нақты көруге болады. Мысалы, өткен ғасыр орта тұсындағы пайдалануға берілген ферро қорытпа, хром қоспа, ауыл шаруашылық машина жасау, рентген сәуле аппараты зауыттары, С.М.Киров атындағы химия комбинаты, түрлі өндірістік тоқыма-тігін фабрикалары мен комбинаттары, мұнай барлау, геологиялық, геофизикалық экспедициялардан бастап, бүгінгі күнгі кеден басқармасы, түрлі ашық акционерлік қоғамдар, өндіріс кооперативтері, т.б. мекемелердің құжаттары сақталуда. Жеке адамдардың, еңбек ардагерлерінің, өнер қайраткерлерінің де қорлары бар.

Батыс Қазақстан облыстық мемлекеттік мұрағаты 1923 жылы губерниялық мұрағат ретінде ұйымдастырылған. 1928 жылы округтік мұрағат болған. 1931 жылы ҚазАКСР Қазан революциясы Орталық мұрағатының Орал бөлімшесі құрамына енген. 1932 жылдан Орал облыстық мемлекеттік мұрағаты болып құрылған. 1992 жылдан ҚР Батыс Қазақстан облыстық мемлекеттік мұрағаты болып аталынады. Оның 2 бөлімшесі, 11 аудандық мұрағаты бар. Барлығына аталмыш мұрағат басшылық жасайды. Мұрағат қорында 521 мыңнан астам құжат сақталған.

Құжаттардың хронологиясы Азамат соғысы жылдарынан қазіргі күнге дейінгі аралықты қамтиды. Қорларындағы негізгі тарихи мағлұматтар Жайық өңіріндегі, Азамат соғысы жылдарындағы, ашаршылық жылдары кезіндегі, 2дүниежүзілік соғыс жылдарындағы, кеңестік тоқырау тұсындағы біршама облыстың мәдени-экономикалық даму деңгейін, сан алуан жайттарын көрсетеді. Бірқатар қорларынан ауыл шаруашылығының дамуын, тұрғындардың санын, тың жерлерді игеру ісі, мәдени-ағарту шаралары, денсаулық сақтау ісі туралы мәліметтер алуға болады. Мұрағатта жеке тұлғалардың қорлары, кинофотоқұжаттар мен жобалық құжаттар да сақталған.

Қостанай облыстық мемлекеттік мұрағаты 1924 жылы губерниялық мұрағат ретінде ұйымдастырылған. 1926 жылы округтік мұрағат болып қайта құрылған. 1931 жылы Қазақ АКСР Қазан революциясы Орталық мемлекеттік мұрағатының Петропавл бөлімшесі құрамына енеді де, көп

ұзамай 1932 жылы Қостанай қалалық мұрағаты болып құрылады. 1936 жылдан Қостанай облыстық мемлекеттік мұрағаты, ал 1992 жылдан бері ҚР Қостанай облыстық мемлекеттік мұрағаты болып аталынады. Мұрағат қарамағында 5 бөлімше, 17 қалалық, аудандық мұрағаттар жұмыс істейді.

Мұрағаттағы негізгі қорлар Кеңес үкіметінің орнауын, Азамат соғысы кезіндегі жайттарды, кеңестік шаруашылықты, түрлі мекемелер мен ұжымдық бірлестіктердің өткенін баяндайды. Ақмола-Қарталы, Қостанай-Рудный Жітіқара темір жол стансаларын салуға, машина жасау мен металл өңдеу кәсіпорындарына қатысты мол ақпарат қоры шоғырланған. Келесі бір тобы өткен ғасырдың екінші жартысындағы астықпен қамтамасыз етумен, мал шаруашылығын өркендетумен айналысқан шаруашылық субъектілерінің (кеңшар, жылқы зауыты, т.б.) іс қағаздарын құрайды. Облыс аумағындағы түрлі өндіріс орындарына, өнеркәсіптеріне, тау-кен комбинаттарына (Соколов-Сарыбай, Қашар, Лисаков, т.б.) тиесілі құжаттар да көп. Жеке тұлғалар қорларында еңбек ардагерлері, мемлекет қайраткерлері, өнер адамдары, т.б. халыққа еңбегі сіңген адамдардың ғұмырнамасы, ғибратты істері жайлы мағлұматтар сақталуда.

Оңтүстік Қазақстан облыстық мемлекеттік мұрағаты 1926 жылы 1-қазанда Сырдария губерниялық мұрағат бюросы ретінде ұйымдастырылған. 1928 жылы 17 қаңтардан бастап Сырдария округтік мұрағат бюросы болып аталды. Ол 1930 жылы 1-шілдеде РСФСР Орталық мұрағат басқармасы алқасы (президиумының) қаулысымен таратылып, жинақталған құжаттары ҚазКСР Орталық мұрағатына өткізілді. 1931 жылы 27 қаңтарда Шымкент қалалық мұрағаты ұйымдастырылады. Жаңа әкімшілік-аумақтық бөліністерге байланысты атауы ішінара өзгеріп тұрды. 1932-1964 жылдары Оңтүстік Қазақстан өлкелік мемлекеттік мұрағаты болса, 1964 жылдан 1992 жылға дейін Шымкент облыстық мемлекеттік мұрағаты болып аталды. Бүгінгі таңда облыс аумағында мұрағат ісін басқару мен жүргізуді Оңтүстік Қазақстан облысының мұрағаттар және құжаттама басқармасы жүзеге асырады. Бұл басқарма құрылымына 19 мұрағат мекемесі (ОҚО мемлекеттік мұрағаты, Кентау, Шымкент, Сарыағаш, Жетісай өңірлік мұрағаттары, Бәйдібек, Қазығұрт, Мақтаарал, Ордабасы, Отырар, Сайрам, Сарыағаш, Созак, Төле би, Түлкібас, Шардара аудандық мұрағаттары, Арыс, Түркістан, Шымкент қалалық мұрағаттары) кіреді, қызметкерлердің барлығы нәтижелі еңбек етіп келеді. Аталмыш мұрағат мекемелеріндегі құжаттардың жалпы көлемі 2006 жылғы мәлімет бойынша 3601 қор, 1,3 млн. сақтау бірлігін құрады. Оның ішіндегі басқару (650000-дей іс), фото (9073 іс), ғылыми-техникалық (5000-дай іс), жеке құрам жөніндегі (1703 іс) құжат-тарды ерекше атап кетуге болады. Құжаттар саны жылма-жыл артып келеді.

Мұрағат қоры кеңестік кезеңдегі материалдарды құрайды. Бастапқы құжаттар губерниялық, округтік және облыстық атқару комитеттерінің, революциялық комитеттердің, әскери комиссариаттардың, азық-түлік және жер-су комитеттерінің қызметтерін қамтиды. XX ғасырдың 20-30

жылдарындағы ауыл шаруашылығына, кен көздерін өндіруге байланысты материалдар да шоғырланған. 2-дүниежүзілік соғыс жылдарындағы өлкедегі жағдай, Каспий маңындағы соғыс әрекеттері туралы оқиғаларға қатысты, шаруашылықтың кеңестік кезеңдегі жай-жапсарын да баяндайтын іс қағаздары жеткілікті. Экономикалық жағынан құнды материалдар оңтүстіктегі ондаған зауыттар, көптеген фабрикалардың, комбинаттардың, т.б. кәсіпорындардың қорларында сақтаулы. Атап айтқанда, Шымкент химия-фармацевтика, Шымкент қорғасын зауыты, «Ленгеруголь» тресі және «Ачполиметалл» комбинаты сынды бүкіл КСРО-ға танымал ірі өндіріс орындары жайлы деректерді мұрағат сөрелерінен кездестіруге болады. Ауыл шаруашылығына қатысты материалдар (кеңестік кезеңдегі және қазіргі уақыттағы) көп кездеседі. Әсіресе мақта шаруашылығының даму қарқынын көрсететін құжаттар көп. Сондай-ақ Бетпақдаланы бағындыру, Шардара аймағын игеру, Бөген су қоймасы, Арыс- Түркістан каналын салу, ұжымшар мен кеңшарлар құру, т.б. игі істердің нәтижелерін мұрағат материалдарынан ұшырастыруға болады. Мәдени-ағарту, денсаулық сақтау мекемелерінің де іс қағаздары да жеткілікті дәрежеде. Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасына орай облыс мұрағатшылары Өзбекстан Республикасынан қазақ қоғамының тарихынан мен мәдениетінен, т.б. жайттарынан сыр шертетін 269 құжат көшірмесін 2004-2005 жылдары алдырды. Жеке тұлғалардың қорлары, үнқұжаттар қорлары да бар. Мұрағаттың ғылыми-анықтамалық жүйесі тізбелерден, арнаулы шолулардан, каталогтардан, қорлардың қысқаша анықтамаларынан тұрады. Павлодар облыстық мемлекеттік мұрағаты алғашқыда 1928 жылы округтік мұрағат болып ұйымдастырылған. 1931 жылы ҚазАКСР Қазан революциясы Орталық мұрағатының Семей бөлімшесі құрамына енеді де, 1932 жылы аудандық мемлекеттік мұрағат болып құрылады. 1938 жылдан Павлодар облыстық мемлекеттік мұрағаты болып аталып келгенімен, 1992 жылдан бастап ҚР Павлодар облыстық мемлекеттік мұрағаты деп аталынады.

Облыстық мұрағат мекемелерінде 1823 жылдан бастап басқару, ғылымитехникалық, аудиовизуальды құжаттар мен азаматтардың жеке мұрағаттарын қамтитын 1 млн. 40 мың сақтау бірлігі бар. Мұрағаттан Азаматтық соғыс жылдарындағы мәселелерді, ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіпті дамытуға арналған жобаларды, сан алуан өндіріс салаларының қалыптасуы мен дамуын, түрлі зауыттар мен фабрикалардың іске қосылуын көруге болады. Одан соғыс пен ашаршылық зардаптарын, су каналдарының салынуын, мәдени-ағарту және денсаулық сақтау мекемелерінің, түрлі құрылыстардың тарихын көруге болады. Әсіресе ауыл шаруашылығына байланысты құжаттар көп кездеседі. Мұрағат қорларының маңызды бір бөлігін ғылыми-техникалық құжаттама, фотоүнкүжаттар да құрайды. Жеке тұлғалардың қорларынан облысқа және республикаға еңбегі сіңген

азаматтардың ғұмырнамасы, атқарған қызметтері жайлы мәліметтер алуға болады.

1997-2007 жылдары павлодарлық мұрағатшылар 6 құжаттар жинағын, 6 кітап, 1 брошюра шығарған.

Атырау облыстық мемлекеттік мұрағаты 1928 жылы округтік мұрағат ретінде ұйымдастырылған. 1931 жылы ҚазАКСР Қазан революциясы Орталық мұрағатының Орал бөлімшесінің құрамына өтеді де, 1933 жылдан бастап қайтадан округтік мұрағат болады. 1938 жылы Гурьев облыстық мемлекеттік мұрағаты болып құрылды. 1992 жылдан бері ҚР Атырау облыстық мемлекеттік мұрағаты болып аталып келеді. Осы жылы оның құрамына бұрынғы Гурьев облыстық партия мұрағатының құжаттары беріледі де, мұрағат қоры едәуір ұлғаяды.

Құжаттардың хронологиясы 1917 жылдан бүгінгі кезге дейінгі аралықты қамтиды. Олар бойынша өлкенің тарихын толымды түрде өрбітуге болады. Мұрағатта кеңес үкіметі жаңадан құрылған кезеңдегі түрлі одақтар, комитеттер, атқарушы билік органдарының іс қағаздары сақталған. Ауыл шаруашылығына, мәдени-ағарту мекемелеріне, денсаулық сақтау орындарына қатысты материалдар да жеткілікті дәрежеде. Әрбір қордың өзіндік құндылығы бар. Айталық, мұнай өнеркәсібінің даму тарихы «Ембімұнай», «Доссор», «Мақат», т.б. қорларға шоғырланған. Балық шаруашылығы мен ұжымдастыру тарихына қатысты мағлұматтар да кездеседі. Түрлі мекемелердің қорларында олардың калыптасу тарихы, дамуы мен қызметі баяндалынады. Мұрағатта құжаттар топтамасы, жеке тұлғалардың құжаттары, фотоқұжаттар да көп деуге болады. Қызылорда облыстық мемлекеттік мұрағаты 1928 жылы округтік мұрағат ретінде ұйымдастырылған. 1931 жылы Қызылорда қалалық мұрағаты болып құрылады. 1938 жылы Қызылорда мемлекеттік мұрағаты болып қайта ұйымдастырылады. 1997 жылдан бастап ол ҚР Қызылорда облыстық мұрағаты болып аталып келеді. Құрамында 2 бөлімшесі, 7 аудандық мұрағаты бар.

Мұрағатта сақтауға алынған құжаттар саны 136 мыңнан асады. Олардың хронологиясы Азамат соғысынан, кеңес үкіметінің алғашқы жылдарынан басталады. Мұрағатта облыс аумағындағы алғышқы кеңшарлар мен ұжымшарлардың, механикалық-техникалық стансалардың, жергілікті өнеркәсіп орындарының, балық шаруашылығының, күріш өсіру мен мал шаруашылығын дамытудың тарихын көруге болады. Сондай-ақ, оқу ағарту, денсаулық сақтау, мәдени ошақтардың, түрлі басқармалардың іс қағаздары сақтаулы. Әсіресе Қызылорда қаласы астана болып тұрған кездегі (1925-1929) сақталып қалған бірқатар мекемелердің құжаттары құнды дереккөздері болып табылады. Мұрағатта үнфотоқұжаттар, жеке тұлғалардың да қорлары жасақталған.

Қарағанды облыстық мемлекеттік мұрағаты 1936 жылы ұйымдастырылған. 1940 жылы Қарағанды аудандық мұрағаты мен оның

аумағына тиесілі құжаттарды өткізген Солтүстік Қазақстан облыстық мемлекеттік мұрағатының бірқатар қорлары қосылғаннан кейін, оның мұрағаттық қоры едәуір ұлғайған. 1992 жылдан бастап ҚР Қарағанды облыстық мемлекеттік мұрағаты деп аталады. Мұрағаттың 5 бөлімшесі, 17 ауылдық мұрағаты бар.

Мұрағаттағы негізгі материалдардың хронологиясы 1917 жылдан басталады. Онда Қазан төңкерісі, Азамат соғысы туралы деректер мол. Ерекше назар аудартатын Қарағанды көмір өнеркәсібіне, түсті металлургияға, оларды ашу және игеруге, кадрлар даярлауға, өнім өндіруге қатысты қорлар болып табылады. Кен көздерін игеруге қатысқан түрлі мекемелердің, ауыл шаруашылығы өнімдерін алумен айналысқан ұжымшарлар мен кеңшарлардың құжаттары да сақтаулы. Мұрағат қорларынан түрлі ірі кәсіпорындардың қалыптасуын, дамуын көруге болады. Облыс аумағындағы су шаруашылығына, денсаулық сақтауға, мәдени-ағарту мекемелеріне қатысты мол қор жинақталған. Еңбек озаттары, екіпінділер, мәдениет пен өнер, ғылым қайраткерлерінің жеке тұлғалық қорлары жасақталған. Сақталған фотоүлгілер, құжаттар топтамасы да негізінен азаматтардың ерен еңбегін сипаттайды.

Жамбыл облыстық мемлекеттік мұрағаты 1939 жылы қазанда аудандық мемлекеттік мұрағат негізінде құрылған. 1992 жылдан бастап ҚР Жамбыл облыстық мемлекеттік мұрағаты деп аталынады. Қаратау қалалық бөлімшесі, 8 аудандық бөлімшелері бар. Мұрағатта барлығы 395 мыңға жуық іс сақталуда. Мұрағаттағы Әулие-Ата уезі қорында өлкенің дамуына қатысты материалдар жеткілікті. Негізгі құжаттар хронологиясы 1917 жылдан басталады. Азамат соғысы кезіндегі, өткен ғасырдың 20-30 жылдарындағы шауашылық пен өнеркәсіптің даму тарихын, жергілікті билік органдарының қызметін айғақтайтын материалдар да көп. Облыстық жергілікті кәсіпорындарды, зауыт-фабрикаларды (диірмен, қант және темекі, химия, фосфор, т.б.) басқару қағаздары мен олардың қызметін көрсететін мол материалдарды да мұрағат қорларынан кездестіруге болады. Халыққа білім беру мен денсаулық сақтау, мәдени ошақтардың жай-жапсары, т.б. өз қорларында сақталған. Жетісу темір жолын салу, алғашқы мәдени құрылыстарды, Қазақстан мен Қырғызстан шекарасын межелеу, суландыру жүйелерінің жобасы мен іске асырылуы, археологиялық жұмыстардың қорытындысы, XX ғасырдың екінші жартысындағы Өлкенің мәдени-экономикалық дамуын айғақтайтын бірқатар тарихи құндылығы жоғары құжаттарды да атап кеткен жөн. Жеке тұлғалардың қорларынан өлкедегі еңбек және соғыс ардагерлерінің, ғалымдардың, мәдени қайраткерлердің ғұмырнамасын кездестіруге болады. Олардың арасынан Т.Рысқұловтың бастапқы кездегі қызметі туралы да мәліметтер кездеседі. Бұл мұрағатта құжаттар топтамасы, фотоүлгілер де көптеп ұшырасады.

Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік кино-бейнедыбыс жазбаларының мұрағаты 1943 жылы қаңтарда ұйымдастырылып, 1957

жылы киноебейнеқұжаттар бөлімі ретінде ҚазКСР Орталық мемлекеттік мұрағат құрамына енген. 1974 жылы ақпан айында қайтадан дербес мекеме ретінде қызметін бастаған. 1992 жылдан қазіргі атауымен аталады.

Мұрағаттағы киноқұжаттар хронологиясы 1925 жылдан басталады. Ең ерте кездегі деректі фильмдері: «Қазақстанның бес жылдығы» (1925 жыл), «Октябрьдің Қазақстандағы 10 жылдығы» (1927 жыл), «Тоғысу» (1930 жыл), т.б. Патшалық Ресей тұсындағы қазақ қоғамының түрлі қалтарыстарын суреттейтін өңделген бейнесуреттер мен қалалардың көріністері сақталған. Мұрағат қорындағы материалдар Қазақстандағы саяси, мәдени-экономикалық, т.б. мәселелерді қамтиды. Республика жеріндегі ұжымшарлар мен кеңшарлар, тың және тыңайған жерлерді игеру ісі, екпінді құрылыстар, ірі кәсіпорындар мен кеңестік ұжымдардың жетістіктері баяндалынады. 1953 жылдан басталатын дыбыстық құжаттарда партиялық түрлі форумдар, мерейтойлар, қазақ операсы, музыкалық шығармашылығы көрініс табады. Құнды құжаттар қатарына Құрманғазы мен Дина күйлері, Ә.Қашаубаевтың Парижде орындаған әндері, т.б. шығармалар жазбалары жатады.

ТМД елдерінің мұрағаттарынан К.Байсейітова орындаған әндер жазбасы, «Сталинге рахмет!», «Мәскеу-алып» деген Жамбыл Жабаевтың сөздері, қазақ күйлерін орындаған авторлардың шығармалары, М.О.Әуезовтың Абайға қатысты шығармаларын қалай жазғанын баяндаған әңгімелері, т.б. мәдени дүниелердің көшірмелері алынған.

Мұрағат материалдарын жылдам табу үшін оның қызметкерлері бірқатар андатпалық каталогтар («Аннотированный каталог документальных фильмов киностудии «Казахфильм» (1976-1985 годы)», «Аннотированный каталог документальных фильмов киностудии «Казахтелефильм» (1962-1985 годы)», т.б.) құрастырып, жарыққа шығарған. 2004 жылдың 1-қаңтарында мұрағатта 31078 киноқұжаттар сақтау бірлігі, 152093 фотоқұжаттар, 11151 фоноқұжаттар, 266 видеофонограмма сақтауда болған. Жыл сайын олардың көлемі артып келеді. Мұрағаттағы материалдар негізінде дыбысты жазбаларды сақтау мен қалпына келтіруге бағытталған «Асыл-мұра» бағдарламасы іске асуда.

1971 жылы Қостанай облыстық мемлекеттік мұрағатының филиалы ҚазКСР Торғай облыстық мұрағаты ретінде қалыптасқан. Арқалық қаласында орналасқан. 1997 жылдан бастап ҚР Қостанай облыстық мұрағатының филиалы.

Мұрағат қорында сақталған құжаттар өлкедегі қазақ ауылдарын отырықшылыққа көшіруді, оның зардаптарын, түрлі кеңестік мекемелердің құрылуы мен олардың қызметін, денсаулық сақтау мен мәдени-ағарту шараларын нақты көрсетеді. Өлкедегі ірі кәсіпорындардың, ауыл шаруашылығының дамуынан да хабардар етеді. Әсіресе тың және тыңайған жерлерді игеруге қатысты құжаттар көп. Алынған ақпараттар легін мұрағаттағы сақтаулы тұрған бейнеүнкүжаттар да толықтыра түседі.

1973 жылы Қарағанды облыстық мемлекеттік мұрағат филиалы ұйымдастырылған. Алғашқыда ол Жезқазған облысының облыстық мұрағаты ретінде қалыптасқан. Қазіргі Жезқазған қаласында орналасқан. 1992 жылдан ҚР Қарағанды облыстық мұрағатының филиалы деп ресми түрде аталынады. Мұрағат қорлары Жезқазған өңіріндегі өнеркәсіптің даму тарихын нақты айғақтайды. Оған бірқатар кәсіпорындардың (Тау-кен металлургиялық комбинаты, Қарсақбай мыс қорыту зауыты, Атасу кен басқармасы, Жезді кен басқармасы, Байқоңыр көмір алабы, т.б.) материалдары тапсырылған. Құжаттардан XX ғасырдағы мал, егін шаруашылықтарының даму тарихын кездестіруге болады. Аталмыш мұрағат кен өндіру ісіне, табиғи байлықтарды игеруге қатысты құнды ақпараттар бере алады. Ондағы жеке тұлғалардың қорында еңбек ардагерлерінің, екінші дүниежүзілік соғысқа қатысқан батыр азаматтардың ғұмырнамасына қатысты материалдар шоғырланған. Және де сақталған бірқатар кинобейне-құжаттар өндіріс тарихынан қызығушылық танытушыны кеңінен хабардар етеді.

Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік ғылыми-техникалық құжаттама мұрағаты 1974 жылы ақпанда құрылған. Қазіргі атауымен 1992 жылдан бері аталады. Мұнда ғылыми-зерттеу, конструкторлық, технологиялық жобалау мекемелері мен ұйымдарының және өнеркәсіп салаларының құжаттары сақталуда. Мұрағаттағы түрлі кәсіпорындардың, ауыл шаруашылығының, су шаруашылығының, көлік құрылысының жобалық-жоспарлық құжаттары XX ғасырдың 20-30-жылдарынан бастап бүгінгі күнге дейінгі нәтижелерін айқындап бере алады. Кеңестік дәуірдегі және одан кейінгі уақыттардағы белгілі сәулетшілер, құрылысшылар, гидротехниктер, т.б. Қазақстанның ғылымы мен техника саласындағы мамандардың өмірінен хабар беретін жеке қорлары да бар. Жалпы алғанда, мұрағаттағы құжаттардың көп мөлшерін жобалық құжаттама құрайды. Бұл құжаттама Қазақстан, Орта Азия және Шығыс Сібір электро-энергетика нысандарының құрылысын, өнеркәсіп және тұрғын үй құрылысын, су және орман шаруашылығын қамтиды.

Конструкторлық және технологиялық құжаттама құрылыс материал өндірісін, металлоконструкция, шаруашылық машиналары мен тетіктерін, т.б. даму дәрежесін көрсетеді. Патенттік құжаттама темір конструкциясы бойынша және инженерлік, ауыл және су шаруашылығы, т.б. салалар бойынша жасалған шығармашылықты көрсетіп береді. Әкімшілік құжаттамада бұйрықтар, жоспарлық есептер, т.б. іс қағаздары сақталған.

Маңғыстау облыстық мемлекеттік мұрағаты 1973 жылы Гурьев облыстық Таштық филиалының негізінде ұйымдастырылған. 1992 жылдан бері ҚР Маңғыстау облыстық мемлекеттік мұрағаты болып аталып келеді. Құрамында бір қалалық (Жаңаөзен қаласында), 4 аудандық бөлімшелері бар. Сақталудағы құжаттар саны 160 мыңдай.

Мұрағат қорларында облыстағы XX ғасырдың алғашқы ширегіндегі шаруашылық пен мәдени құрылыстардың көптеген құжаттары сақталуда. Құжаттардан кеңестік билік органдарының, түрлі ұжымдар мен мекемелердің қызметі көрініс табады. Мал шаруашылығын дамытуға қатысты іс-шаралар, химиялық, мұнай өндіру өнеркәсібі, құрылыс материалдарын шығару, т.б. сауалдарға қатысты материалдардың өзіндік құндылығы жоғары. Қорларда халыққа білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет мекемелерінің қалыптасуы да баяндалады. Мұрағаттағы жекелеген тұлғалардың қорлары, құжаттар топтамасы, бейнеүнкүжаттар да қомақты дүние болып табылады. Сөйтіп, жоғарыда баяндалынған мәтіннен Қазақстанда бірқатар мұрағаттардың ұйымдастырылуы мен даму тарихын, құжаттар сипатын көруге болады. Мұрағаттарда сақтаулы тұрған қор құжаттарының негізгі ақпараттарынан республика мәдени- экономикалық дамуы ғана емес, ондағы мұрағат ісінің даму деңгейі де азды-кемді байқалып қалады. Мұрағаттардағы құжаттардың негізгі мазмұны кеңестік кезеңдегі мәдени-экономикалық дамудан хабардар етеді.

Кез келген сала бойынша республикадағы осы аталған мұрағаттардан мол мағлұмат алуға, оны қоғам мүддесіне пайдалануға болады. Мұны ескерген кеңестік дәуірдегі мамандар мұрағатты дамыту үшін түрлі ғылыми форумдар өткізіп тұрды, практика барысында мұрағат ісіне қатысты сан алуан ұсыныстар айтып, түрлі нұсқаулар беріп тұрды. Нәтижесінде, Қазақстанда мұрағаттардың қалыптасуы өткен ғасырда толық жүзеге асты. Дегенмен кеңестік дәуірде идеологиялық саясат әсерінен кейбір мәліметтер жабық күйінде қалып, республика тарихын толыққанды баяндауға кері әсерін тигізді. Тек Қазақстан өз тәуелсіздігін алғаннан кейін ғана тұмшаланған ел тарихының кейбір беттерін сыпырып тастауға қол жеткізілді. Бұл жерде басты дерек көздерін мұрағат құжаттары құраған еді.

Бақылау сауалдары:

1. *Қазақстанда мұрағат ісінің қалыптасуы қай кезден басталады?*
2. *Кеңестік кезеңнің алғашқы жылдарында мұрағаттарды ұйымдастыруға қандай шаралар қабылданды?*
3. *Нотариальдық мұрағаттарды сақтап қалған кімдер және олар қалайша сақталынды?*
4. *Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрағатының қалыптасу тарихына қандай жағдайлар әсер етті?*
5. *Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік кино-бейнедыбыс жазбаларының мұрағатының басқа мұрағаттардан айырмашылығы неде?*
6. *Кеңестік кезеңде Қазақстан мұрағаттарының қалыптасу тарихын неше кезеңге бөлуге болады?*
7. *Облыстық мұрағаттар филиалдары қандай жұмыстармен айналысады?*

Әдебиеттер тізімі

1. Алексеева Е.В., Афанасьева Л.П., Бутова Е.М. Архивоведение. Теория и методика. Учебник / Издание второе, переработанная –М., 2016.- 296 с.
2. Горкуш, С. В. Архивоведение: Практикум : учебное пособие / С. В. Горкуш, М. Н. Гусарова. — Москва: РТУ МИРЭА, 2022. — 86 с. — Текст: электронный // Лань: электронно-библиотечная система. — URL: <https://e.lanbook.com/book/256835> (дата обращения: 20.09.2023). — Режим доступа: для авториз. пользователей.
3. Сабденова Г.Е. Мұрағаттану. Алматы, 2008. - 146 б.
4. Абдулина Т. Из истории архивного дела Казахстана. Алматы., 2020.- 289 с.
5. Терехова Г.А. Из истории развития архивного дела В Актюбинской области //Архивный вестник. 2000, № 1-2 (21-22).
6. Медушевская О.М. Архивный документ: исторический источник в реальности настоящего //Отечественные архивы. 1995, № 2. С.9-21.
7. Хорхордина Л. Архивы и история. –М., 2006.-248 с.